


«Бекітемін»
Мектеп директоры А.К. Кулунтаев
Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы
«29» тамыз 2024 жыл



Тексерілді: 
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: С. Алманиязова

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша

2024-2025 оқу жылына арналған

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

2 «ә» сынып

Сынып жетекшісі: Жолды А.Қ.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;
ақпаратты талдау және бағалау;
жаңа идеяларды ұсыну;
заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

• «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

• «**Күй күмбірі**» – қоныраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тындау апта сайын.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

1	Білім күні. «Менің Отаным – Қазақстан!» Білім күніне салтанатты жиын, бірыңғай сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ» (10 минут)	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты Әзірleme, ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	02.09
2	Зорлық зомбылық туралы "Біз зорлық - зомбылыққа қарсымыз!"	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.09
3	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ» (10 минут) ЖЖЕ №1 /Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері /	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.09
4	«Еңбек түбі – береке» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «ДОСЫҢЫЗДЫ РЕНЖІТСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.09
5	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы «Еңбектің наны тәтті...» танымдық сабақ Қауіпсіздік сабағы «МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ҚАУІПТЕР» (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.09

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

6	«Қоғамға қызмет етемін» («Қамқор» жобасы аясында құстарға ұя, жемшашар жасау) Қауіпсіздік сабағы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.10
7	«Отаным Қазақстан» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «5 СЕКУНД» ЕРЕЖЕСІ, БЕЙТАНЫС АДАММЕН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ДИАЛОГ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.10
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығы «Тәуелсіздік – ел тірегі» ЖЖЕ №2 / Реттелмейтін жол қиылыстары / Қауіпсіздік сабағы «ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ТАНЫСУ ҚАУІПІ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.10
9	«Республикам – мақтанышым!» тәрбие сағаты сағаты Қауіпсіздік сабағы «СУПЕРМАРКЕТТЕ ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ» (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара және сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.10

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

10	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» «Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек» Қауіпсіздік сабағы «ЕГЕР ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫ КЕЗДЕСТІРСЕМ НЕ ІСТЕЙМІН?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.11
11	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні Теңге-тәуелсіздік келбеті» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы: «ҮЙДЕГІ ОЙЫН: ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.11
12	Әділдік және жауапкершілік құндылығы «Ар-ұят және жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.11
13	Әділдік және жауапкершілік құндылығы «Әділдік алаңы» Қауіпсіздік сабағы ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	28.11

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

14	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы «МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ҚАУІПТЕР» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.12
15	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы «Ынтымақ – достық кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ЖЖЕ №3/ Реттеуші және оның белгілері /	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.12
16	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы «Ынтымақ түбі береке» Қауіпсіздік сабағы «ДОСЫҢЫЗДЫ РЕНЖІТСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.12
17	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» «Бірлік-менің таңдауым» « <i>Қауіпсіздік сабағы</i> «5 СЕКУНД» ЕРЕЖЕСІ, БЕЙТАНЫС АДАММЕН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ДИАЛОГ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.12

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

18	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! Қауіпсіздік сабағы «ЕГЕР ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫ КЕЗДЕСТІРСЕМ НЕ ІСТЕЙМІН?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.01
19	«Заң және тәртіп» құндылығы «Заң және мен» Қауіпсіздік сабағы «ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ТАНЫСУ ҚАУІПІ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.01
20	«Заң және Тәртіп» құндылығы «Тәртіп – тәрбие бастауы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.01

	Қауіпсіздік сабағы :«ҮЙДЕГІ ОЙЫН: ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ» (10 минут)			
21	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Қауіпсіздік сабағы «5 СЕКУНД» ЕРЕЖЕСІ, БЕЙТАНЫС АДАММЕН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ДИАЛОГ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?» (10минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.01

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

22	Жасампаздық пен жаңашылдық құндылығы "ЖАСАМПАЗ, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН" Қауіпсіздік сабағы «Желі арқылы танысу қаупі»(10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.02
23	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы «СУПЕРМАРКЕТТЕ ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.02
24	Жасампаздық пен жаңашылдық құндылығы «Бірлік пен жасампаздық» Қауіпсіздік сабағы «ЕГЕР ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫ КЕЗДЕСТІРСЕМ НЕ ІСТЕЙМІН?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.02
25	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы «ҮЙДЕГІ ОЙЫН: ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі				
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
26	«Алғыс – ізгі ниет» ЖЖЕ №4 / Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу / Қауіпсіздік сабағы «ҚАЛАЙ ӨЗ-ӨЗІңДІ ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.03
27	«Отан – отбасынан басталады» Қауіпсіздік сабағы Мұздағы қауіпсіздік (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.03
28	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы «БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҚУЛЫҒЫ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.03
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні				
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні				
12 сәуір – Ғылым күні				
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні				
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні				
23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
29	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ». ЖЖЕ №5 Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытың.)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.04
30	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы «Еңбекпен тапқан тиын..» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.04
31	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.04

	күндылығы «Білім мен біліктілік биікке бастайды» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «ДОСЫҢЫЗДЫ РЕНЖІТСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»			
32	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік күндылығы «Еңбекқорлық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)«5 СЕКУНД» ЕРЕЖЕСІ, БЕЙТАНЫС АДАММЕН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ДИАЛОГ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.04

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

33	«Біз әртүрліміз, біз теңбіз» ЖЖЕ №6 /Қорытынды сабақ/ Қауіпсіздік сабағы (10 минут)«ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ ТАНЫСУ ҚАУПІ» «Бірлігіміз жарасқан»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.05	01.05
34	Бірлік және ынтымақ күндылығы «Татулық пен бірлік» Қауіпсіздік сабағы «СУПЕРМАРКЕТТЕ ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»(10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.05	
35	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы «ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.05	